ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ атындағы
ЖЕТІСУУНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА

Ақпараттық хат

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай **«Қазақстан қоғамының құндылық бағдарлары: сабақтастық, өзгеріс және тұрақты болашақ бейнесі кеңістігінде»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты: Қазақстан тәуелсіздік алғанын 35 жыл ішіндегі қазақстандық қоғамның тарихи-мәдени сабақтастығы тетіктері мен құндылық бағдарларының терең трансформациясын пәнаралық тұрғыдан талдау және зерттеу нәтижелерін жинақтау, халықаралық ғылыми диалог негізінде олардың елдің тұрақты дамуындағы маңызын айқындау. Конференция барысында цифрландыру мен постгуманизмнің жаңа жағдайына бейімделуге қабілетті қазақстандық қоғамның аксиологиялық матрицасы таныстырылып, Қазақстан мәдениетінің құндылық кодтарын сақтауға бағытталған мемлекеттік саясат, білім беру және қоғамдық институттарға арналған ғылыми-тәжірибелік ұсынымдар беріледі.

Өтетін орны: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187А, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті.

Өткізу форматы: аралас (офлайн және онлайн).

Өтетін күні: 2026 жылғы 3 желтоқсан.

Конференция жұмысының ғылыми бағыттары:

1. *Қоғамдық құндылықтарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық және эмпирикалық негіздері.* Философиялық, әлеуметтану және әлеуметтік-психологиялық тәсілдер; құндылық бағдарлары мен олардың өзгеру динамикасын зерттеу әдістері; ұрпақаралық, өңірлік және халықаралық зерттеулердің нәтижелерін өзара салыстыру мүмкіндіктері; қоғамда мойындалған құндылықтар мен нақты әлеуметтік тәжірибелердің арақатынасы.
2. *Тәуелсіздік және қазақстандық қоғамның құндылық бағдарларының эволюциясы.* Құндылықтар өзгерісінің тарихи кезеңдері мен факторлары; мемлекет пен азаматтық бірегейліктің қалыптасуы; әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің еңбекке, отбасына және қоғамдық өмірге қатысты ұстанымдарға ықпалы; әртүрлі әлеуметтік топтар құндылықтарының өзгерісі.
3. *Мәдени мұра және ұрпақтар сабақтастығы.* Құндылықтарды жеткізудегі тарихи жадтың, тіл мен дәстүрдің маңызы; құндылықтарды сақтау, жеткізу және жаңаша пайымдаудағы отбасының, әдебиет пен өнердің рөлі; ұрпақтар арасындағы өзара ықпалдастық және мәдени сабақтастықтың қоғамдық өзгерістермен арақатынасы.
4. *Қоғамдағы құндылықтар дамуының құқықтық және институционалдық негіздері.* Адамның қадір-қасиеті, адам құқықтары, құқық үстемдігі және әлеуметтік әділеттілік; құқықтық сана, құқықтық мәдениет және азаматтық жауапкершілік; қоғамдық сенім, ынтымақтастық және мемлекет, азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының құндылық негіздері.
5. *Цифрландыру және жасанды интеллект жағдайындағы құндылық бағдарлар.* Бірегейлік, қарым-қатынас және кәсіби қызмет салаларындағы өзгерістер; цифрлық платформалар мен алгоритмдік жүйелердің құндылық ұстанымдары мен мінез-құлыққа ықпалы; тұлғаның дербестігі, ақпараттық мәдениет және технологияларды қолданудың этикалық негіздері.

6. *Қоғамдық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мен жаңарту бағытында білім беру және тәрбиелеу*. Жастардың құндылық бағдарлары; тұлғаның азаматтық және кәсіби қалыптасуындағы білім беру ұйымдарының, педагогтар мен ғылыми қоғамдастықтың рөлі; оқыту мен тәрбиенің өзара байланысы; білім беру және тәрбие тәжірибелерінің нәтижелілігін ғылыми тұрғыдан бағалау.

7. *Этномәдени әралуандық және мәдениетаралық диалог.* Жалпыазаматтық және этномәдени құндылықтардың арақатынасы; этносаралық және конфессияаралық келісім; жаһандану жағдайындағы мәдени бірегейлік; қоғамдық келісімді сақтау, мәдениетаралық өзара ықпалдастықты дамытудағы қазақстандық және шетелдік тәжірибе.

8. *Қазақстанның тұрақты болашағы жайлы пайымдар және қоғамдық дамудың құндылық негіздері.* Әртүрлі ұрпақтардың ел болашағына қатысты әлеуметтік үміттері мен түсініктері; құндылықтар өзгерісінің ықтимал сценарийлері; әлеуметтік әл-ауқат, экономикалық даму және экологиялық жауапкершіліктің өзара байланысы; зерттеу нәтижелерін стратегиялық жоспарлау мен мемлекеттік саясатта қолдану.

Конференция Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын **BR24993269 «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық қоғамның құндылық бағдарларының эволюциясы және трансформациясы»** бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша өткізіледі.

Конференцияға қатысуға ғылыми немесе кәсіби қызметі қоғамдық құндылықтар, мәдени мұра, білім беру, құқық және тұрақты даму мәселелерін зерттеуге байланысты отандық және шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-талдамалық ұйымдардың қызметкерлері, жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушылары, мектеп мұғалімдері, докторанттар мен магистранттар, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мәдениет мекемелері, азаматтық қоғам институттары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері шақырылады.

Конференция материалдары ISBN нөмірі бар жинақта жарияланады. Жинақты конференция басталғанға дейін басып шығару жоспарланған.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Қатысу түрлері: қатысушының тікелей қатысуы (офлайн), қашықтан қатысуы (онлайн), сондай-ақ сырттай қатысуы (мақала жариялау) қарастырылған.

Материалдарды ұсыну тәртібі

Конференцияға қатысуға өтінім мен мақаланы ұйымдастыру комитетінің **conference.zhu@gmail.com** электронды поштасына **2026 жылғы 10 қарашаға дейін** жіберу қажет. Өтінімнің рәсімделу талаптары мен қатысуға өтінім нысаны Қосымшада берілген.

Қатысуға өтінім мен жариялауға арналған материалдарды қамтитын файлдар атауында автордың тегі, қысқартылған аты-жөні және файл мазмұнына қатысты ақпарат көрсетілуі керек (мысалы: Смаилова И.В._өтінім.doc; Смаилова И.В._мақала.docx). Файлдар *doc немесе *docx форматында сақталуы тиіс. Егер авторлар екі және одан да көп болса, файл бірінші автордың тегі бойынша аталады.

Конференцияға қатысу тегін.

Мәтіннің түпнұсқалығы «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеру нәтижесінде 75 %-дан төмен болмауы тиіс.

Ұйымдастыру комитеті талаптарға сай рәсімделмеген немесе конференция тақырыбына сәйкес келмейтін өтінімдер мен мақалаларды қарамау құқығын өзіне қалдырады.

Байланыс ақпараты

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 040009, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., І.Жансүгіров көш., 187А, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі, 310-каб.

Телефон: +7 (282) 22-16-67 (ішкі 1193)

E-mail: conference.zhu@gmail.com

Қосымша

ТІРКЕУ НЫСАНЫ
(Конференцияға қатысуға өтінім)

Аты-жөні (толық)	
Ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы	
Жұмыс орны / оқу орны (мекеменің толық атауы)	
Байланыс телефоны, e-mail	
Баяндама / мақала тақырыбы	
Конференция секциясы	
Техникалық құралдарға қажеттілік (мультимедиа және т.б.)	
Қатысу формасы - офлайн; - қашықтан қатысу (онлайн: баяндама жасау немесе тыңдаушы ретінде); - сырттай қатысу (тек мақала жариялау).	

Авторлар туралы мәліметтері бар MS Word құжаты шаблон бойынша аталуы керек: барлық авторлардың тегі мен аты-жөнінің тіркеу формасы. Мысалы: Тіркеу нысаны Молдабаева М.М., Шатырбаева Г.Ж.

ZHETYSU UNIVERSITY

1972

Қосымша

МАҚАЛАНЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Құрметті әріптестер! Жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сақтай отырып, материалдарды мұқият өңделген түрде ұсынуыңызды сұраймыз.

Мақала материалдары (3-5 бет) конференцияның тақырыптық салаларына сәйкес келуі және MS Word форматында электронды түрде ұсынылуы керек (.docx). Жіберілетін мақала келесі үлгі бойынша аталуы керек: барлық Авторлардың тегі мен аты-жөні. Мысалы: **Молдабаева М.М., Шатырбаева Г.Ж.docx**

Жарияланымға қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Қаріп – Times New Roman, кегель – бір жоларалық интервалмен 12 пт. Сол және жоғарғы жиектер – 2,5 см, оң және төменгі – 2 см, абзац – 1,25, жоларалық интервал – 1; ені бойынша туралау. Жоғарғы сол жақ бұрышта ӘОЖ индексі қойылады (ӘОЖ бойынша анықтамалық – https://perviy-vestnik.ru/udc/). Ортасында мақаланың атауы қалың қаріппен бас әріппен жазылады. Әрі қарай – қалың қаріп, ортасында автордың(-лардың) тегі мен аты-жөні, ғылыми дәрежесі (бар болса), атағы, жұмыс орны (лауазымынан)/оқу орны (әрқайсысының толық). Келесі жолда-ұйымның атауы, төменде – қала және ел, төменде – автордың электрондық пошта мекенжайы. Төменде ғылыми мақалаға 100 сөзден аспайтын аннотация (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) жазылады. Аннотациядан кейін – 6 сөзден аспайтын кілт сөздер.

Мақаланың негізгі мәтіні жаңа жолдан басталады. Мәтінде суреттер мен кестелерді пайдалануға рұқсат етіледі. Дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты жақшада дәйекті нөмірленіп, олар айтылған кезде жасалады. Толық библиографиялық тізім ғылыми жұмыстың соңында келтірілген.

ӘОЖ 342.9.07


МАҚАЛА АТАУЫ

Білімгердің деректерін толтыру үлгісі
Молдабаева М.М.
Білімгер / Магистрант / Докторант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: moldabayeva_96@mail.ru

Бірлескен автордың / ғылыми жетекшінің деректерін толтыруға арналған үлгі
Шатырбаева Г.Ж.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: shatyrbayeva@mail.ru

Аңдатпа. *Аннотация мәтіні (100 сөзге дейін).*
Кілт сөздер: *(6 кілт сөзден артық емес)*
Аннотация. *Аннотация мәтіні (100 сөзге дейін).*
Ключевые слова: *(6 кілт сөзден артық емес)*

Abstract. *Аннотация мәтіні (100 сөзге дейін).*
Key words: *(6 кілт сөзден артық емес)*



Сурет 1 – Сурет атауы

Кесте 1 – Кесте атауы

Мәтін	**Мәтін**	**Мәтін**	**Мәтін**
Мәтін	Мәтін	Мәтін	Мәтін
Мәтін	Мәтін	Мәтін	Мәтін
Мәтін	Мәтін	Мәтін	Мәтін

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. «Дәйексөз» [1, 35-б.]. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании». – URL: _____ (Дата обращения)

2 Айтхожин К.К. Искусственный интеллект в образовании // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогическая». – 2024. – №2 (76). – С. 23-34.